



ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДИЗЕЛЬ
15%-ҒА АРЗАН БЕРІЛЕДІ

2



САҚАЛ ҚОЮДЫҢ ДА
ӨЗ МӘДЕНИЕТІ БАР

7



№19 (759). 15 мамыр, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады

Қазақстанда 2026 жылғы 1 шілдеден бастап ипотека беру тәртібі өзгереді. Ең басты жаңалық – енді ипотеканың шекті мөлшерлемесі бастапқы жарна көлеміне байланысты есептеледі. Сонымен қатар банктер қарыз алушының табысын бұрынғыдан да қатаң тексеріп, жалпы қарыз жүктемесіне көбірек мән береді. Бұл өзгерістерді Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп енгізіп отыр.



1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ИПОТЕКА БЕРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ: ЖАҢА ТАЛАПТАР ҚАНДАЙ?

Ипотека бойынша екі түрлі мөлшерлеме енгізіледі

Бұған дейін ипотеканың бірыңғай шекті мөлшерлемесі 25% болып келсе, енді екі түрлі шек бекітілмек.

Егер бастапқы жарна 30% немесе одан жоғары болса, ипотеканың ең жоғары мөлшерлемесі 20%-дан аспайды. Ал бастапқы жарна 30%-дан төмен болған жағдайда банк 25%-ға дейінгі мөлшерлемені қолдана алады.

Яғни енді ипотеканың қаншалықты қымбат немесе арзан болатыны қарыз алушының қанша қаржы жинағанына тікелей байланысты болады. Бастапқы жарна неғұрлым көп болса, несие соғұрлым тиімді рәсімделеді.

Банктер табысты мұқият тексереді

Шілдеден бастап ипотека рәсімдеу кезінде банктер тек ресми әрі расталған табысты есепке алады. Атап айтқанда:

- ресми жалақы;
- зейнетақы қорына түсетін аударымдар;
- құжатпен дәлелденген өзге табыс көздері.

Табысты растамай ипотека алу қиындай түседі. Бұл талап банктердің тәуекелін азайтып, азаматтардың шамадан тыс қарызға батпауына бағытталған.

Қарыз жүктемесіне жаңа талап қойылады

Қазір банктер несие мақұлдағанда ай сайынғы төлем қарыз алушы табысының 50%-ынан аспа-

уын қарайды. Енді бұған қосымша тағы бір көрсеткіш енгізіледі. Жаңа жүйеде адамның тек ай сайынғы төлемі ғана емес, жалпы қарызы мен жылдық табысының арақатынасы да есептеледі. Банктер ипотека, автонесие және кепілсіз қарыз бойынша бөлек лимит белгілейді. Соның нәтижесінде алдымен адамның жалпы қарыз алу мүмкіндігі анықталып, содан кейін әр несие түрі бойынша қанша сома рәсімдей алатыны есептеледі.

Кепілсіз несие мен микрокредитке де шектеу күшейеді

Мамыр айының ортасынан бастап банк несиелері мен микрокредиттердің пайыздық шектері де өзгереді. Кепілсіз берілетін несиелердің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі енді 46%-дан аспауы тиіс. Ал кепілмен рәсімделетін қарыздар бойынша бұл көрсеткіш 35%-дан жоғары болмайды. Халық арасында кең таралған микрокредиттерге де қосымша шектеу қойылады. Мұндай қарыздар бойынша артық төлем көлемі жылына 179%-дан аспауы керек.

Несие бойынша барлық төлем бір пайыздың ішіне енгізіледі

Тағы бір маңызды өзгеріс – енді банк комиссиялары мен қосымша төлемдер бөлек көрсетілмейді. Барлығы жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ішіне енгізіледі.

Осының арқасында қарыз алушы несие рәсімдеген кезде нақты қанша ақша төлейтінін бірден көре алады. Бұл банк шарттарын ашық әрі түсінікті етуге бағытталған.



Сахит ҚЫНТАЕВ,
Ақсу-Жабағылы мемлекеттік
табиғи қорығының директоры:

«ЕГЕР ТАБИҒАТТЫ БҮГІН ҚОРҒАМАСАҚ, ЕРТЕҢ ЗАРДАБЫН КЕЛЕР ҰРПАҚ ТАРТУЫ МҮМКІН»

Түлкібас ауданы орналасқан өңір – табиғаты тұмса қалпын сақтаған, сирек кездесетін жан-жануарлар мен өсімдіктерге бай ерекше аймақтардың бірі. Бұл өңірдің табиғи байлығын қорғап, ғылыми тұрғыда зерттеп, келер ұрпаққа аман жеткізуде Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы ерекше орын алады. Осы бағытта ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маманның бірі – қорық директоры Қынтаев Сахит Жақсымбетұлы. Табиғатпен біте қайнасып, өмірінің 28 жылын осы салаға арнаған ол үшін қорық жұмысы – жай қызмет емес, үлкен жауапкершілік пен өмірлік ұстаным. Біз онымен қорықтың тарихы, бүгінгі тынысы, табиғатты қорғау ісіндегі өзекті мәселелер мен болашақ жоспарлар туралы кең көлемде әңгіме өрбіткен едік. Сондай-ақ, ол кісінің табиғатқа деген көзқарасы, патриотизм туралы пайымы және жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру жөніндегі ойлары да сұхбатымыздың негізгі арқауына айналды.

«ТҰМСА ТАБИҒАТТЫҢ БАЙЛЫҒЫН ТАМАШАЛАУҒА ТУРИСТЕР КӨП КЕЛЕДІ...»

– Сахит мырза, қорықтың тарихы мен бүгінгі тынысы туралы айтып өтсеңіз.

– Ақсу-Жабағылы қорығы – Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Ол ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Тарихы сонау 1926 жылдан басталады. Содан бері қорық табиғатты қорғау, ғылыми зерттеу және экологиялық ағарту бағытында үздіксіз қызмет атқарып келеді. Бүгінде Ақсу-Жабағылы қорығы – Қазақстандағы ғана емес, Орта Азиядағы ең көне қорықтардың бірі. Мұнда көптеген сирек және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер мекендейді.

(Жалғасы 4-бетте) ▶



«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҚҰРҒАҚ СҮТТІ ҚАЗАҚТАР
ОЙЛАП ТАПҚАНЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

7

ТЕҢГЕ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Соңғы күндері әлеуметтік желіде Қазақстандағы қолданыстағы бірнеше ірі номиналдағы купюралардың «жойылып кететіні» жайлы ақпарат кеңінен талқыланып жатыр. Вирус жазбалар қоғамда алаңдаушылық туғызып, әсіресе егде жастағы азаматтардың арасында түсінбеушілік пен сенімсіздікке әкелді. Алайда ресми дерек бұл жағдайдың әлдеқайда жүйелі әрі жоспарлы процесс екенін көрсетеді.



Әлеуметтік желідегі дүрбелең: ақпарат па, әлде алыпқауша аңғиме ме?

Талқылауға түрткі болған жазбада бірден 5 түрлі номиналдағы банкнотаның айналымнан шығатыны айтылған.

Атап айтқанда, 500, 2000, 10 000 және 20000 теңгелік купюралар сөз болған. Мыңдаған қаралым жинаған бұл ақпарат қоғамда түрлі реакция тудырды.

Көпшілік пікірлерден байқалған негізгі тенденция — жиі өзгерістерге деген наразылық. Әсіресе, егде адамдар үшін жаңа дизайндағы купюраларға бейімделу қиын екені жиі айтылды. Бұл — тек қаржылық емес, әлеуметтік мәселе де бар екенін аңғартады.

Ұлттық банк не дейді

Қазақстан Ұлттық банкі бұл жағдайға қақтысты ресми түсініктеме беріп, дүрбелеңге негіз жоқ екенін мәлімдеді. Реттеуші органның айтуынша, сөз болып отырған өзгерістер — кенеттен енгізілетін шектеу емес, банкноталарды кезең-кезеңімен жаңарту процесі.

Қазіргі таңда мына купюралар біртіндеп айналымнан шығарылып жатыр:

- 500 теңге (2017 жылғы) — 2027 жылдың 24 желтоқсанына дейін қатар қолданыста болады
- 1000 теңге (2014 жылғы) — 2027 жылдың 27 наурызына дейін
- 2000 теңге (2012 жылғы) — 2026 жылдың 24 маусымына дейін
- 10 000 теңге (2012 жылғы) — 2027 жылдың маусымына дейін
- 20 000 теңге (2013/2015 жылғы) — жаңа серия шыққаннан кейін (2027 жылдан бастап) біртіндеп ауыстырылады

Бұл — халықаралық тәжірибеде кең таралған құбылыс. Көптеген елдерде ұлттық валютаның қорғаныс деңгейін арттыру, жалған ақша айналымын азайту және дизайнды жаңарту мақсатында осындай ротация жүргізіледі.

Неліктен банкноталар жиі жаңарады?

Банкноталарды жаңарту бірнеше негізгі себепке байланысты:

Біріншіден, қауіпсіздік. Заманауи технологиялардың дамуына байланысты жалған ақша жасау тәсілдері де жетілді. Сондықтан жаңа купюраларда қорғаныс элементтері күшейтіледі.

Екіншіден, тозу факторы. Қағаз ақша уақыт өте келе физикалық тұрғыдан жарамсыз болып қалады.

Үшіншіден, идеологиялық және мәдени аспект. Жаңа сериялар арқылы елдің тарихи, мәдени символдары жаңаша форматта ұсынылады.

Халық үшін қандай қауіп бар?

Нақты айтқанда — айтарлықтай тәуекел жоқ. Себебі айналымнан шығару процесі бірден емес, бірнеше жылға созылады. Яғни, азаматтар қолындағы ескі купюраларды күнделікті өмірде пайдалана береді.

Тіпті мерзімі аяқталғаннан кейін де оларды екінші деңгейлі банктерде, «Қазпошта» бөлімшелерінде (3 жыл ішінде), Ұлттық банк филиалдарында (шектеусіз мерзімде) айырбастауға болады.

Бұл — қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға бағытталған маңызды кепілдік.

Бұған дейін не болған еді?

Айта кету керек, 2011 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік банкнота 2025 жылдың 25 қыркүйегінен бастап айналымда қолданылмайды. Қазір оны тек айырбастауға болады. Бұл да дәл осындай жоспарлы жаңарту саясатының бір бөлігі.

Қалыптасқан жағдай қоғамдағы ақпаратқа деген сенім деңгейі мен қаржылық сауаттылық мәселесін айқын көрсетті. Әлеуметтік желідегі кез келген ақпарат ресми түсіндірмесіз қабылданғанда, ол оңай түрде дүрбелеңге айналады.

Сондықтан мұндай жағдайларда негізгі бағдар — ресми дереккөздер. Ал банкноталарды жаңарту — экономиканың әлсіреуінің емес, керісінше, оның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бір белгісі.

Алматылық 17 жастағы мектеп оқушысы Әлихан Ғатаулин жер сілкінісін кем дегенде бір тәулік бұрын болжай алатын жүйе жасап жатыр. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі "24KZ" арнасына сілтеме жасап хабарлайды.



ЖЕР СІЛКІНІСІН БІР КҮН БҰРЫН БОЛЖАУ МҮМКІН БЕ?

Қазіргі таңда дарынды оқушы инженерлік компанияда ғылыми бағытты басқарып жүр. Ал, Сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ұлттық ғылыми орталығында оған арнайы жұмыс орны берілген. Оны жас ғалымдар арасындағы ең болашағы зор мамандардың бірі деп атайды.

Әр апта сайын 11-сынып оқушысы Әлихан Ғатаулин Сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ұлттық ғылыми орталығына келеді. Белгілі ғалым Галина Хачикянның кабинетінде ол зерттеу жүргізіп, ғылыммен айналысады. Оны бұл салаға 2024 жылдың қаңтарында Алматыда болған жер сілкінісі итермелеген. Сол кезде ол "неге адамзат әлі күнге дейін жер сілкінісін дәл болжай алмайды?" деген сұраққа жауап іздей бастаған.

"Жер сілкінісі кенеттен болатын табиғи апат. Біз көптеген құбылыстарды алдын ала болжай аламыз: тайфундар, дауылдар спутник арқылы көрінеді. Бірақ бұл соққы сияқты құбылыс. Ол мемлекетке экономикалық жағынан үлкен зиян келтіреді. Ал адамдар жақындарынан айырылуы мүмкін", — деді Әлихан.

Жас ғалым ресейлік геофизик Геннадий Соболев және басқа зерттеушілердің күн белсенділігі мен сейсмикалық процестер арасындағы байланыс туралы жұмыстарын жалғастыруда. Бұл теория бойынша Күндегі жарқылдар геомагниттік дауыл тудырып, жер сілкінісіне әсер етуі мүмкін.

"Ол мектеп оқушысы болса да, ғы-

лымға терең қызығушылық танытты. Тәжірибесі аз болса да, үлкен бағытқа кірісіп кетті. Күн жүйесі мен оның жер қыртысына әсерін зерттеуде. Бұл адам қауіпсіздігімен тікелей байланысты маңызды сала", — деді Жер қыртысының флюидтік режимі зертханасының меңгерушісі Абдулазиз Абдуллаев.

Ғылымға деген қызығушылығының арқасында Әлихан NASA ұйымдастырған ірі байқаудың финалисі атанған. Кейін оны deerteck компаниясы шақырып, ол халықаралық командада жеке ғылыми бағытты басқарып, ересек инженерлермен бірдей деңгейде жұмыс істеп жүр.

Әлихан спутниктік деректерді, геомагниттік көрсеткіштерді және сейсмикалық белсенділікті талдап, Күн жарқылдары жер сілкінісін шамамен бір тәулік бұрын ескерте ала ма деген мәселені зерттеуде.

Алихан Ғатаулин, мектеп оқушысы: "Бізге биологиялық алдын ала болжам беретін дүниелер бар. Яғни жануарлардың реакциясы сияқты. Сондай-ақ физика-химиялық көрсеткіштер: жерден радон және басқа газдардың бөлінуіне назар аударуға болады. Біз осы барлық белгілерді біріктіріп, machine learning жүйесі арқылы өңдеп, ортақ нәтиже шығаруға тиіспіз", — деді Әлихан.

Оған сейсмологиялық орталықтың архивтері мен ғылыми кітапханасы қолжетімді. Оның айтуынша, жасанды интеллект пен үлкен деректерге негізделген жер сілкінісін ерте ескерту жүйесінің алғашқы нәтижелері алдағы бес жылда пайда болуы мүмкін.

ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДИЗЕЛЬ 15%-ҒА АРЗАН БЕРІЛЕДІ

Өңірлердегі дизель отынына Энергетика министрлігі ұсынатын ағымдағы баға литріне қосылған күн салығымен 263 теңге болады. Бұл туралы Үкімет отырысында Энергетика министрі Ерлан Аққенженов айтты.

— 2026 жылғы қаңтарда Энергетика және Ауыл шаруашылығы министрліктері 2026 жылғы 1 ақпан мен 30 маусым аралығындағы кезеңге «2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына 402,2 мың тонна дизель отынын беру графигін» бекітті. Өңірлердегі дизель отынына Энергетика министрлігі ұсынатын ағымдағы баға литріне қосылған күн салығымен 263 теңге болады. Түпкілікті бағаны өңірлік оператор белгілейді. Ол

литріне 281 теңгені құрайды. Бұл литріне 49 теңгеге арзан немесе жанармай құю станцияларындағы бөлшек сауда бағасынан 15 пайызға төмен, — дейді министр.

Министрдің мәліметінше, ақпан-сәуір аралығында жоспарланған 402,2 мың тоннаның 204,8 мың тоннасы немесе 51 пайызы тиіп-жөнелтілген.

— Нақты айтқанда, ақпанда 12,7 мың тонна, наурызда 94 мың тонна, сәуірде 97,8 мың тонна жіберілді. Ал мамырда 116,3 мың тонна, маусымда 32,9 мың тонна жөнелту жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отынын тиіп-жөнелту Энергетика министрлігінің тұрақты бақылауында, — дейді министр.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ АҚЦИЯСЫ ӨТПЕК

18 мамыр мен 8 маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» республикалық акциясы жоспарлануда. Аталған акцияның мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды насихаттау және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Іс-шара барысында полиция қызметкерлері тұрғындармен кездесулер өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізбек. Азаматтарға олардың құқықтары мен міндеттері кеңінен түсіндіріліп, қиын жағдайға тап болған жағдайда қайда жүгіну керектігі жөнінде ақпарат беріледі.

Сонымен қатар, бөлім қызметкерлері есепте тұрған отбасыларды аралап, профилактикалық әңгімелер жүргізеді. Қауіп тобындағы азаматтар анықталып, оларға



қажетті құқықтық және психологиялық көмек көрсету шаралары қолға алынбақ. Мамандардың айтуынша, отбасындағы өзара сыйластық пен түсіністік — қоғам тұрақтылығының кепілі. Осы орайда кез келген зорлық-зомбылық көріністеріне бейжай қарамау — әрбір азаматтың міндеті.

Шымкент қаласы полиция департаменті тұрғындарды заң талаптарын сақтауға және отбасылық жанжалдардың алдын алуға шақырады. Отбасыдағы тыныштық пен қауіпсіздік — қоғамның әл-ауқаты мен болашағының негізі.

Шымкент қалалық полиция департаменті Еңбекші АПБ ҚҚБ Отбасылық - тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері

1947 жылы 13 мамырда КСРО Министрлер Кеңесі Ресейдің Астрахан, Волгоград, Қазақстанның бұрынғы Орал, Гурьев облыстары аумағында Орталық мемлекеттік "Капустин яр" полигонын құру жөнінде шешім қабылдады. КСРО Министрлер кеңесінің 1951 жылы 21 желтоқсандағы №5263 қаулысына сәйкес полигон аумағын ұлғайту мақсатында Батыс Қазақстан облысындағы Орда ауданының 1 миллион 355 мың 692 гектар жері әскери полигон иелігіне беріледі.

1952 жылдың жазында Қазақстан картасынан бүтін бір аудан жойылды. Онымен бірге Бөкей даласындағы ондаған ауыл мен жүздеген адамның тағдыры шырғалаңға түсті. Оларды тауар таситын вагондарға тиіп, еліміздің оңтүстік өңіріне жөнелткен еді. Ресми түрде мұны "одақ ішіндегі қоныс аудару" санағанымен, ақиқатында бұл нағыз депортация болатын. Ал еркінен тыс қоныс аударылғандардың атамекені КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен "Капустин Яр" әскери полигонының қажетіне беріліп, ол жерде кеңестік зымырандар сыналды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің республикалық ішкі қоныс аудару жоспарын бекіту жөнінде 1951 жылы 14 желтоқсандағы №1013-119с қаулысына сәйкес, 1952 жылы облыстың 300, оның ішінде Жаңақала ауданының 125, Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын, Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін аудандарына көшіру туралы шешім шығарды.

Халық түгелдей оңтүстікке қоныс аудармаса да, 1952 жылы шілде айында Сайхын станциясынан Орда ауданының Интернационал, Каганович, Калинин атындағы үш колхозы, ал Алғай станциясынан Жаңақала ауданының Сарыозен және Ленин атындағы, барлығы 5 колхоздан 336 отбасы, 1805 адам Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай аймағына жеткізілді. Бұдан өзге Орда ауданынан Гурьев облысына 9 колхоз, облыстың ішкі Чапаев ауданына 5 колхоз, Тайпақ ауданына 1 колхоз, Жаңақала ауданына 2 колхоз, Жәнібек ауданына 10 колхоз, барлығы 30 колхоз шаруашылығы көшірілді. Ал Орда ауданымен іргелес Жаңақала ауданынан Гурьев облысына 4 колхоз, облыстың ішкі Жымпиты ауданына 2 колхоз, Чапаев ауданына 3 колхоз, Бөрлі ауданына 1 колхоз шаруашылықтары көшіріліп, халық республикалық ішкі депортацияға ұшырады. Сөйтіп айналасы 7-8 айдың ішінде "Капустин Яр" полигонына тандап алынған жер босатылып, Орда ауданы таратылады.

Куәгерлер арасында бірді-екілі сол уақытта ересек жастағы адамдар, сонымен қатар 10–12 жаста болған балалар бар. Олардың айтуынша, қоныс аударушыларды әуелі әскери көлікпен Сайхын станциясына жеткізген. Күн ыстықта пойызды сарыла күткен олар станция басында он шақты күн ашық аспан астында отырған. Одан соң барлығын жүк таситын вагондарға тиіп, әрі қарай темір жолмен әкеткен. Батыс аймақтан Жетісай өңіріне дейін шілденің ыстығында 15–20 күн жүрген олар жол бойы талай қиындық көрген. Тіпті апшыны қуырған аптапта кенезесі кеуіп, аялдаған бекеттерде бір жұтым су аламын деп жанталасқандар арасында пойыздың астына түсіп жан тапсырғандар болған.

Ондай деректі айтқан жанның бірі — Ақлима Баянтасова. Қазір 95 жастағы кейуаның көзі тірі, аудан орталығы Жәнібек ауылында тұрып жатыр. Ақлима анамыз сол жылы қырқынан жаңа шыққан ұлы Тілепбергенді құшақтап, 3 жастағы қызы Нұржиянды жетектеп, ыстық вагон ішінде оңтүстікке киналып жетеді. Көрген қиындығын жіпке тізгендей етіп тауыса алмаған Ақлима жүк таситын вагонға тиелген халықтың жағдайын былай есіне алған:



"Арыс стансасына аялдап, ауа жұтып алған соң, кері вагонға жайғастық. Қасында кішкентай қызы бар бір кемпір төменде қалып қойыпты. Пойыз келіп, вагондарды тіркеп жатқанда әлгі кемпір шайнегің ала жүргірген. Енді мінемі дегенде аяғындағы галошы жерге түсіп кетіп, оны аламын деп талпынғанда пойыздың астына құлады. Сол сәтте пойыздың темір дөңгелектері кемпірдің екі аяғын кесіп кетті. Екі аяғы, шұлығы, галошы рельстің арғы жағында жатыр. Кеудесі бергі жағында. Қан судай ақты. Қасына барған келініне кеудесін көрсетіп, ым қакты да, жан тапсырды. Кеудесіне салған ақшасы бар екен. Бәріміз зарлап жыладық".

Батыс аймақтан әуелі әйел мен балашағаны, шал-кемпірлерді көшіреді. Еразаматтар мемлекеттің малын тапсырып, кейін, арада 15–20 күн өткесін сондарынан келеді. Еріксіз көшірілген халық барған күннен бастап әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға тап келді. Себебі Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев ауданына (қазіргі Жетісай) қоныс аударушылар үшін алдын ала дайындалған үй-жай болмады. Шілденің шілінгінде жиырма күнге жуық азып-тозып жеткен жұрт ашық далада өмір сүрді. Бір қатары жертелі қазып, соны паналады. Ауыз судан қиналған олар мал суаратын арықтан лай су ішіп, соған кір-қоңын жуды. Бұл турасында Ақлима Баянтасова тағы былай дегені бар:

"Ашық аспан астында жер қазып, кірпіш құйып жатқан бір отбасының уақытша салған лашығының көлеңкесінде отырдық. Алапат ыстық. Арықтан кір, лай су іштік. Отын жоқ... Туған жерімізді түсімізде көретінбіз, сағынып жүрдік. Біз өлмей, тірі қалдық, қалған қиындықтың бәрін көрдік. Соғыс кезіндегі қиындықтан гөрі айдыңкүннің аманында ел-жұрттан қол үзген қиындық ұмьтылмайды екен".

Халықтың азап шегіп, қиындық көруіне себеп болған тағы бір жайт бар. Түркістан облыстық архив қорында сақталған деректер бойынша, сол кездері Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай аймағына батыс қазақстандықтарды ғана көшіріп әкелмеген. Мәселен, 1950–1952 жылдары Қазақстанның он екі облысынан түрлі ұлт өкілдері осында қоныс аударылады: 1952 жылдың маусым-тамыз айларында Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданынан Ильичев ауданының Прогресс колхозына 8 отбасы, Павлодар облысы Бесқарағай ауданынан Ильичев ауданының Микоян колхозына 68 отбасы, Ақмола облысы Молотов ауданы Красный пахарь колхозынан Ильичев ауданының 7 участогіне 66 отбасы,

сондай-ақ Талдықорған, Семей, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қостанай, Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі аудандарынан түрлі ұлт өкілдері де көшірілген.

Шындығында Жетісай аймағының мұндай көп адамды қабылдауға түк дайындығы жоқ еді. Ал күн сайын жағдайы ушыққан қоныс аударушылардың әлеуметтік тыныс-тіршілігі тіптен кері кете бастады. Осыған орай 1952 жылдың 11 желтоқсанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Е.Тайбековтің "Қоныс аудару жоспарының орындалу барысы және қоныс аударушылардың шаруашылық жағдайларын ұйымдастыру шаралары туралы" жарлығы шыққан. Соның нәтижесінде арнайы құрылған мемлекеттік комиссия Оңтүстік Қазақстан облысының 17 колхозында тексеріс жүргізіп, мынадай жайттарды анықтайды:

"1952 жылдың жазында қоныс аударылғандар арасында соғыс мүгедектерінің, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің отбасылары, көп балалы отбасылар, жалғызбасты аналар, қарт адамдар материалдық көмекке мұқтаж. Көптеген колхозшылардың жейтін наны, шетін ауыз суы жоқ. Барлық колхоздарда әйелдер босанатын үйлер, қоғамдық монша, телефон байланысы жоқ. Мектеп ғимараттарының жетіспеуі салдарынан балалар үш ауысымда оқиды. Мектептердің көпшілігінде жылу, жарық жоқ".

Бұл мәліметтерден жауапты орындардың мұнда көшірілгендердің жағдайына хабардар болғанын аңғарамыз. Алайда тексерістен соң атқарылған шаралар қоныс аударушылардың ауыр тұрмысын толыққанды шешіп бере алмаған.

Жетісай өңіріне қоныс аударылғандарға арналған тұрғын үйдің, медициналық көмекпен қоғамдық моншаның болмауы, таза ауыз суы мен азық-түліктің жетіспеуі салдарынан эпидемиялық аурулар, жаппай асқан-ішек аурулары етек жаяды. Бұл дерттердің асқынғаны соншалық, қарттар, әсіресе балалар өлімі күрт артады.

Бұл ретте біз екі дерекке неқ арта аламыз. Бірі — қиын-қыстау уақыттың тірі куәгерлері айтқан ақиқаттар, екіншісі — ресми құжаттарда сақталған деректер. Мәселен, 1953 жылы 15 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облыстық қоныс аудару басқармасы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаямбетовке және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Қоныс аудару басқармасына қызылша мен өкпенің қабынуынан, сондай-ақ жұқпалы аурулардың таралуынан 38 баланың шетінегенін мәлімдейді. Бірақ қазіргі Түркістан облысының Жетісай ауданындағы Жаңаауыл

(бұрынғы Тельман) жанындағы Сапаралы ата қорымының оңтүстік-батысында созылып жатқан төбе-төбе шағын топырақ үйінділеріне қарап отырып, басқаша ой түйеміз. Себебі бұл зиратта сол жылдары шетінеп кеткен балалар жерленген. Ал балалар зираты аумағының көлемі жоғарыда келтірілген ресми санға күдік келтіреді.

Көңілдегі күдігімізді куәгерлер келтірген айғақтар қуаттай түседі. Солардың бірі Көшкінбай Қапалов ауыр жағдайдан қынадай қырылған балалардың санында есеп болмағанын айтады: "Балалар өлімі көп болды. 11 баласы бар отбасының 2 баласы ғана тірі қалғанын көрдім".

Елге белгілі ақын атанған Қайрат Жұмағалиев жылы орындарын суытып, Жетісайға көшіп келгендердің бірі. Оның сөзінше, тіпті зобалаң уақытта мәйітті жерлейтін адам табылмайтын: "Өлімнің көптігі соншалық: адамдар бір-біріне көңіл айтудан қалады екен. Заң қатты, ешкімді себепсіз жұмыстан босатпайды, өліктерді жерлеудің өзі сын болды ғой. Өйткені өлікті жерлейтін адам жоқ. Осылай ауылдың шетінде айналасы ат шаптырым қорым-зират пайда болды".

Ал Гүлжиян Шоқанаева 1952 жылдың мамыр айының аяғында Мақтаарал ауданының Тельман атындағы ұжымшарға келіп қоныстанған. Алғашында жергілікті тұрғынның бір бөлмесін паналаған ол да жұқпалы ішек ауруынан талай отбасы қара жамылды дейді: "Ұжымшарда мақта теріп, арық тазалаймыз. Жұқпалы ішек ауруынан көптеген адам қайтыс болды. Бізбен бірге барған түйе фермасының бастығы Хамит Жүнісовтің бес баласы шетінеп, соның екеуін бір күнде жер қойнына тапсырып, қайғыдан теңселіп кеткенін де көрдік. Ауылдан бірге көшкен Бұрхан мен Ағиба Өмірзақовтардың отбасындағы үш қызы мен бір ұлын қара жерге тапсырып, жер бауырлап қалғанына да куә болдық".

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып байқайтынымыз, "Капустин Яр" әскери полигонына берілген жерден қазақ халқы еріксіз көшіру оларға әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орасан қиындық әкеліп қойған жоқ. Сонымен қатар моральдық-психологиялық тұрғыдан ауыр соққы болып тиді.

Архив деректерінде Орда ауданынан 3 колхоз, Жаңақала ауданына 2 колхоз тұрғыны, барлығы 1805 адам сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай аймағына көшірілгені айқын көрсетілгенімен, оларды жынысына, жас ерекшелігіне орай анықтау мүмкін болмай отыр. Өлі күнге дейін күштеп көшірілгендердің арасында қанша ер мен әйел, қанша қарт кісі мен бала болды деген сұраққа жауап жоқ. Сонымен қатар көшіп келгендердің кері қашуы да кейбір көмескі тұстарды қалыңдатай жібереді. Себебі бәрін төлқұжатын жинап алғанымен, бірқатары жаңа органы жерсінбей, жасырын кері көшіп кетеді. Кейбірі көрші Өзбекстанға өтсе, тіпті араларында Ресей асып кеткендері бар екен. Бірақ олардың да нақты саны әзірге белгісіз.

Кеңестік кезеңде депортация тақырыбын зерттеуге тыйым салынды. Тәуелсіздіктің арқасында отандық тарихшыларға шығармашылық еркіндік берілді. Еліміздегі жабық архив қорлары ашылып, ұлттық тарихымызды жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдауға кең жол ашылды. Мемлекет басшысының 2020 жылы 24 қарашадағы "Саяси-құғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" Жарлығы бұл мүмкіндіктің аясын одан әрі кеңейте түсті. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорындағы деректер негізінде жарияланған қазақ депортациясы туралы монографиялық еңбек бұл пікірімізге дәлел болады (Боранбаева Б.С. "Капустин Яр әскери полигоны: қазақ депортациясы". — Орал: "Полиграфсервис", 2022. — 268 б.).

Бақтылы Боранбаеваның зерттеулерінен

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығының негізгі мақсаты – табиғатты бастапқы калпында сақтау және қорғау. Қорық аумағындағы сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды, өзен-көлдерді, тау жоталарын және орман-тоғайларды қорғап, олардың табиғи тепе-теңдігін бұзбай келешек ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз. Осы бағытта жұмыс істеп келе жатырмыз.

Жалпы, бұл тұста қорық қызметкерлерінің еңбегі өте үлкен. Олар табиғатты қорғау, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді сақтау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және экологиялық білім беруді дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Қорық мамандары болашақ ұрпаққа табиғатты бұзылмаған күйінде жеткізу жолында тынбай еңбек етіп келеді десем артық айтпаймын.

Бізге қорық аумағын қорғау мақсатын-



Сахит ҚЫНТАЕВ,

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығының директоры:

әзілдеп жатады.

Қарап тұрсаңыз, табиғатты жақсы көрмеу мүмкін емес. Мынау қорықтың өзі – өте керемет жер. Мұнда аңдардың адамға үйренгендігі соншалықты, жақындасаныз үркімейді, қашпайды. Тауешкілер 2-3 метр жүзде секіріп жүре береді. Аюлар да кездесіп жатады. Оны көрген туристеріміз кейде таңғалады. Аң да адам таниды, оларда да сезім бар. Оларға тек тыныштық болса болды.

– Бұл салада қызмет ету үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керек?

– Табиғатты қорғай алу үшін ең бірінші адам табиғатты сүю білуі, сезіну білуі керек. Табиғат деген – тіршілік қой. Табиғатты жақсы көрмейтін, оның қырсырына қызықпайтын адам бұл салада жұмыс істей алмайды. Мен ұлыма қанша рет айттым, кәдімгідей үгіттедім. «Балам, осы салаға келсеңші, табиғатты қорғау деген – ең керемет жұмыс қой», – деп түсіндірдім. Бірақ ұлым үзілді-кесілді

«ЕГЕР ТАБИҒАТТЫ БҮГІН ҚОРҒАМАСАҚ, ЕРТЕҢ

да күнделікті рейдтік шаралар ұйымдас-тырылып отырады. Әсіресе браконьерлікпен күрес жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Себебі заңсыз аң аулау мен табиғатқа зиян келтіру көбіне түнгі уақытта орын алады. Осыған байланысты қорық инспекторлары түнгі рейдтерді жиі жүргізіп, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне тұрақты мониторинг жасап отырады.

Қорықтың ішінде емес, бірақ сыртқы қорғау аймақтарында браконьерлерді ұстап алған жағдайлар бірнеше рет орын алды. Олар аң аулауға кірмек болған сәтте дер кезінде тоқтатылып, алдын алу шаралары жүргізілді. Барлығының мылтықтарын тиісті орындарға тапсырдық. Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар ара-тұра кездесіп тұратыны бар.

Заңсыз аң аулаушылармен күресу мақсатында алдыңғы жылдары қорықтың техникаларын жаңарттық. Өйткені браконьерлер аң аулауда түрлі технологияларды пайдаланады. Мысалы, қараңғыда жануарды дене жылуы арқылы көретін тепловизор деп аталатын құрылғыны көп қолданады. Бұл жасырынған аңды тез табуға, алыстан қозғалысты байқауға жақсы көмектеседі. Сондай дүниелерге тосқауыл болуға біз үшін техниканың маңызы өте зор. Қазір біздің мамандар да түнде көретін құрылғы – тепловизорлар мен биіктен бақылауға арналған дрондарды қолданады. Сол арқылы сирек жануарларды қадағалау және браконьерлердің заңсыз әрекеттерін дер кезінде анықтауға мүмкіндік бар.

Жалпы алғанда, қорықтағы жұмыстар ешқашан тоқтаған емес, тоқтамайды да. Мысалы, былтыр инспекторлар тұратын алты үйге жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Сөйтіп тұрғын үйлердің жағдайын біршама жақсартып қойдық. Бұл жұмыстар олардың қызметтік міндеттерін сапалы атқаруына қолайлы жағдай жасау мақсатында қолға алынды. Міне, қорықтың бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай.

– Қорық аумағында сирек кездесетін қандай жануарлар мен өсімдіктер сақталған?

– Қорық өте сирек кездесетін, жер бетінде жоғалып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерге бай. Соңғы мәліметтер бойынша мұнда құстың 299, сүтқоректілердің 52, бауырымен жорғалаушылардың 11, қосмекенділердің 3, жәндіктердің 2124 түрі бар. Қызыл кітапқа сүтқоректілердің 9 түрі – қар барысы, Түркістан сілеусіні, арқар, Тянь-Шань қоңыр аюы, үнді жайрасы, тас сусары, т.б. еңсе, құс-

тардың 8 түрі – бүркіт, сақалтай, ителгі, көкқұс, үкі, т.б. енген.

Қазір біздің санақ бойынша 9 бас қар барысы бар. Соңғы елу жылдай уақыт бойы қар барысы мүлде көрінбей кеткен еді. Ең соңғы рет ол шамамен елу жыл бұрын байқалған. Ал соңғы жылдары бізде қар барыстары қайтадан көріне бастады. Арқар, Тянь-шань қоңыр аюы да қазір көбеюде.

Өсімдіктердің 1737 түрі өседі, оның ішінде мүктің 63, балдырдың 64, саңырауқұлақтардың 235, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1312 түрлері кездеседі. Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Сиверс алмасы, Недзвецкий алмасы, зеравшан аршасы, Талас қайыңы т.б. Қызыл кітапқа енген.

Біздегі осы тұмса табиғаттың байлығын тамашалауға жан-жақтан туристер көп келіп жатады. Оның ішінде өз еліміздің азаматтары ғана емес, шетелден де арнайы ат басын бұратындар аз емес. Бізге көбіне Еуропа, Азия елдерінен, АҚШ-тан келіп жатады. Былтыр қорыққа жалпы саны 2534 турист табан тіреді. Оның ішінде 700-ге жуығы шетелдік турист болса, қалғаны – өз еліміздің азаматтары. Дегенмен, біз туристерді есепсіз топырлатып қабылдай алмаймыз. Бізге жылына тек 2536 турист қана келе алады. Одан артық турист қабылдауға рұқсат жоқ, себебі қорық аумағына келушілер саны арнайы бекітілген норматив пен заң талаптарына сәйкес реттеледі.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

– Өзіңіз бұл салаға қашан келдіңіз, қалай келдіңіз және неге осы саланы тандадыңыз?

– Мен бұл салаға ең алғаш 1998 жылы егер болып келдім. Одан кейін Бадам орман шаруашылығы мекемесіне жетекші маман болып кірдім. Онда үш жыл істеп, 2003 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы орман және аңшылық шаруашылығы жөніндегі аумақтық инспекциясына ауыстым. 2007 жылы Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Түлкібастағы филиалының директоры, 2017 жылы Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры болып тағайындалдым. 2021 жылдың қаңтар айында осы Ақсу-Жабағылы табиғи қорығына директор болып ауыстым. Міне, бүгінде менің бұл салада жүргеніме аттай 28 жыл болыпты. Осы уақыт аралығында табиғатты қорғау,

орман мен жануарлар дүниесін сақтау бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Туризмді дамытуға да атсалыстық. Мамандардың тәжірибесін арттыру бойынша да жұмыстар шет қалған емес. Мамандар демекші, бізде мықты, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мамандар жеткілікті. Басшылыққа ең керек де осы нәрсе, яғни білікті кадрлар. Мамандар тәжірибелі әрі кәсіби болса, жұмыс та нәтижелі болады. Біздегі қызмет етіп жүрген жандардың әрқайсысы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын азаматтар деп айта аламын, осы салада олар да аянып жатқан жоқ. Осындай мамандар барда әлі талай жоспарларды жүзеге асырамыз деген ойдамын.

Ал енді «Неге осы саланы тандадыңыз?» деген сауалыңызға жауап берейін. Мен өзім бала кезімнен табиғат аясында көп жүрдім. Өзіміз Түлкібас ауданына қарасты Балықшы деген ауылда тұрдық. Ауылдың маңының бәрі тоғай да, ортасынан бір өзен, екі шетінен тағы екі өзен ағады. Сол тоғайға, өзенге көп баратынбыз. Тоғайға барып, бүлдірген терсек, өзеннен балық аулаймыз. Таңертең шығып кеткеннен кешке бір-ақ келеміз. Шелекпен бүлдірген теріп, оны үйге әкеліп, тосап қайнататынбыз.

Сәл есейген соң тоғайға достарымызбен палатка апарып, қонып қайтатын болдық. Солай табиғатқа деген сүйіспеншілігіміз уақыт өткен сайын арта берді. Табиғат аясында көп жүрдік. Кейін мектеп бітірген соң саятшылыққа, аңшылыққа қызыға бастадық. Негізі менің нағашы жұртымда аңшылар көп болған. Нағашы атамның Әбдірайым деген әкесі ертеде соғыс кезінде сырттан аң атып әкеліп, ауыл халқын асыраған деседі. Сол қанмен келген қасиет пе, әйтеуір, мектеп бітіре салысымен қолыма мылтық ұстадым. Сөйтіп мезгілі келгенде үйрек атып, қырғауыл аулайтынбыз. Әрине, тығылып аң аулау деген жоқ, кәдімгідей рұқсатпен, арнайы жолдама алып, өзі рұқсат берілген мезгілде заңды түрде аңға шығатынбыз. Бірақ уақыт өте келе бұл қызығушылық жоғалады екен. Қазір мүлде жоқ десем де болады, аңға да шықпаймын. Себебі осы салаға қадам басқалы тіршілікке деген ойым да, көзқарасым да өзгерді. Қазір кішкентай жыбырлаған жәндікке де жаным ашып тұрады. Маңайымда ұсақ аңдар жақындай қалса үркітпеймін. Қазір өмірімнің бәрі табиғатпен байланысты болып кетті. Кейде достарым да маған: «Сен осы аңдармен сөйлесетін сияқтысың, тілін түсінесің-ау», – деп

бас тартты. Себебі неде дейсіз ғой?! «Әке, сіз үй бетін көрмейсіз ғой. Мен олай жұмыс істей алмаймын», – деп бірден үзіп тастады.

Несін жасырамыз, бұл салада үй бетін көрмей жұмыс істейтініміз рас. Өйткені жұмыстың өзі сондай. Кезінде инспекцияда істеген кезімде де апталап, айлап кетіп, үйге айына бір-екі рет қана қонатынбыз. Өзбекстанның шекарасына дейін барып, құм-құмды аралап қайтатынбыз. Табиғатты жақсы көрмеген адам былай жүре алмайды. Бізде де күнім өтсе болды деп жұмысқа әйтеуір барып-келіп жүргендер болды. Бірақ түптеп келгенде табиғатты шын сүйетін адамдар ғана осы салада тұрақтап қала алады.

Мен біздегі қызметкерлерге былай деп түсіндіремін. «Табиғат бір қалыпты тұратын мүсін емес, жан-жануарларды, өсімдіктерді өндіріп шығаратын зауыт емес, бұл – күнделікті қайнап жатқан тіршілік» деймін. Адам соны сезіне білуі қажет, сонымен бірге өмір сүруі керек. Сол кезде жұмысың өнімді әрі нәтижелі болады, әрі жұмысқа деген құштарлығың да азаймайды. Өзің қызыққаннан кейін тірліктің бәрі оңнан келе беретін болады.

Мен де өз жұмысымды өте жақсы көретін адаммын. Өзіме ұнайды. Ұнаған соң шығар, осы салаға 28 жылымды арнадым, Алла қуат берсе әлі де арнай беремін. Осы салада кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық бір із қалдырсам деген мақсат-мұратым да жоқ емес. Табиғатқа аңсарым ауады да тұрады. Биыл көрген құсты келесі жылы да көргім келеді, биыл өскен шөптің келесі жылы да өсіп шыққанын жаным қалап тұрады. Биыл осы уақытта жауған жаңбыр келесі жылы да жауса екен деймін. Себебі биыл жаңбырлы болса келесі жауын-шашын аз түсуі мүмкін. Мұның барлығы – табиғаттың кереметі. Түсінген адамға, соның бәрі қызық нәрсе. Біз осының барлығын бақылаймыз, инспекторларымыз арнайы күнделік арнап, осындай дүниелерді жазып жүреді. Өзім де осы бір табиғат құбылыстарын үнемі бақылап, қадағалап жүремін.

Жаңа қорықшыға қандай қасиеттер керек деп қалдыңыз ғой. Ең бірінші орында қорықшының бойында табиғатқа деген махаббат және адамгершілік тұру керек. Әрине, жауапкершілік, еңбекқорлық, ұқыптылық, білімділік, белсенділік, шыдамдылық секілді қасиеттерді де шетке ысырып қоя алмаймыз. Бұл жұмысқа мұның барлығы қажет. Осындай қасиет-

БІЗДІҢ КЕЙІШКЕР

терді бойына сіңірген адам ғана нағыз қорықшы бола алады.

– Демек, табиғатты қорғау ісі сіз үшін жай мамандық емес, өмірлік ұстаным болып тұр ғой.

– Иә, мен үшін бұл – өмірлік ұстаным. Себебі табиғатты қорғау – болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз орта қалдыруға бағытталған маңызды іс. Кез келген адам, жалпы адамзат қауымы табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, оны аялап, қорғай білуі керек. Табиғат – адамзаттың ортақ байлығы, оны сақтау әрбір азаматтың міндеті деп ойлаймын. Егер біз бүгін табиғатты қорғамасақ, ертең оның зардабын келер ұрпақ тартуы мүмкін. Сол себепті өз жұмысымыз тек қызмет емес, табиғатқа деген қамқорлық пен азаматтық парыз деп қабылдаймын.

Қазір мен қосымша балық шаруашылығын қолға алып жатырмын. Заңды түрде арнайы рұқсат алып, бес гектар жерге шағын көл қазып, балық жібердім. Онда сазан мен тұқы балық өсірудеміз.

біздің аймақта ауаны немесе суды ластау мәселесі аса күрделі деңгейде емес. Ондай экологиялық қауіптер көбіне ірі өндіріс орындары мен зауыттар орналасқан өңірлерде кездеседі. Ал қорық аумағы мен оның төңірегінде табиғатқа айтарлықтай зиян келтіретін факторлар әзірге байқалмайды.

Дегенмен, алаңдататын бір мәселе бар. Соңғы уақытта осы аймақта шахта ашылуы мүмкін деген әңгімелер айтылып жүр. Егер ондай жоба жүзеге асатын болса, оның қорық табиғатына кері әсері тиюі ықтимал. Себебі шахта қазылады делінген аумаққа жақын жерде Ақсу каньоны орналасқан. Бұл жер – біздің өңірдегі жануарлар үшін өте маңызды табиғи мекен. Қыстың күндері аңдардың көбі сол каньонға барып паналайды. Өйткені каньон іші жылырақ келеді, әрі онда азық қоры жеткілікті. Жануарлар сол жерде қыстап шығып, табиғи тіршілігін жалғастырады.

Егер сол аумақта өндірістік жұмыстар

кетіп бара жатып қорықсыз терезеден лақтырып кететін адамдар кездеседі. Мұндай әрекетке бейжай қарауға болмайды. Табиғатты ластаған адам жауапкершілікті сезінуі керек, қажет болса қатаң айыппұл да салынуы тиіс. Кейбір адамдар тек заң мен тәртіп арқылы ғана түсінеді. Дегенмен, бұрынғыға қарағанда халықтың табиғатқа деген көзқарасы біршама түзеліп келеді. Жастарға экологиялық тәрбие беру жағы да жақсы жолға қойылып келе жатқан секілді. Меніңше, жас буын табиғатты қорғаудың маңызын түсініп өсіп жатыр. Бірақ әлі де болса табиғатқа жанашырлықпен қарамайтын адамдар бар. Уақыт өте келе ол түсінік те өзгереді деген ойдамыз.

Негізі табиғаттағы барлық нәрсе шектеулі. Мысалы, су бізге таусылмайтындай көрінеді. Бірақ уақыт келгенде өзенкөлдер тартылып, құрғақшылық болуы мүмкін. Табиғаттың да өз заңы бар. Сондықтан әр адам қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, жүрген жерін таза

Өз көзіммен көремін, келемін деген адамдар үшін қорық әрдайым ашық. Табиғатты танып-білуге қызығушылық танытқан әрбір жанға мүмкіндік беруге тырысамыз.

Бірақ бір нәрсені түсінуіміз керек. Тағы да қайталап айтамын, табиғатты қорғау тек бір мекеменің ғана жұмысы емес, бұл – бүкіл қоғамның, адамзаттың ортақ ісі. Егер әрбір адам табиғатқа жанашырлықпен, қамқорлықпен қараса, онда қорықтың да, қоршаған ортаның да болашағы үшін еш уайымдамауға болады деп ойлаймын.

– Сіз үшін патриотизм деген не? Патриот деп кімді айтамыз?

– Патриотизм деген – өз еліңді, өз тіліңді жақсы көрумен қатар, өз еліңнің табиғатын сүю. Патриотизм – еліңнің әрбір тіршілігін сүю, жеріндегі әрбір тау-тасқа, ағашқа, аң-құсқа жаның ашып тұру. Мұқағали Мақатаевтың «Отан» деген өлеңі бар емес пе? Сонда былай дейді:

ЗАРДАБЫН КЕЛЕР ҰРПАҚ ТАРТУЫ МҮМКІН»

Бұл менің жеке айналысып жүрген шаруам болғандықтан, оның қыр-сырына тоқтала бермей-ақ қояйын. Дегенмен, осы іс арқылы балық шаруашылығының дамуына аз да болса өз үлесімді қоссам деймін.

«ТАБИҒАТҚА ЖАНЫ АШЫМАЙТЫН АДАМДАРДЫҢ ӘЛІ ДЕ КЕЗДЕСЕТІНІ ӨКІНІШТІ...»

– Елімізде қорық саны аз, қорықтарды көбейту керек деген ақпарат оқып қалдым. Расында да солай ма?

– Жоқ, мен оған толықтай келісе бермеймін. Барлық жерді қорық аймағына айналдыра беру ауыл шаруашылығының дамуына белгілі бір деңгейде қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың арасында тепе-теңдік болуы керек деп ойлаймын. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ туралы заңның талаптары да қатаңдау келеді. Егер барлық жерді қоршап, халықтың кіруіне, мал жаюына немесе шаруашылықпен айналысуына шектеу қоя берсек, онда қарапайым халықтың жағдайы қалай болады деген сұрақ туындайды.

Қазірдің өзінде оңтүстік өңірде екі қорық пен екі ұлттық табиғи парк бар. Бұдан бөлек дендробақтар да жұмыс істеп тұр. Меніңше, бұл аз көрсеткіш емес. Ең бастысы, сол бар табиғи аумақтарды күтіп, қорғау жұмыстарын сапалы жүргізу қажет. Кейде «аңдар көбейіп кетті, қорық аумағын кеңейту керек» деген пікірлер де айтылып жатады. Бірақ мәселенің екінші жағын да ескеру керек. Халықтың малы бар, күнкөрісі бар, жайылым мәселесі бар. Сондықтан табиғатты қорғаймыз деп, адам өміріне де шектен тыс қолайсыздық туғызуға болмайды.

Табиғат пен адам бір-біріне қарсы емес, керісінше, үйлесімде өмір сүруі керек. Егер осы қорықтар мен табиғи аймақтарға дұрыс қарап, сансыз аңшылық пен табиғатқа зиян келтіретін әрекеттердің алдын алсақ, оңтүстіктің табиғатын сол күйінде сақтап қалуға толық мүмкіндік бар деп ойлаймын.

– Осы салада көңіліңіз толмайтын мәселе бар ма? Нені жақсарту керек деп ойлайсыз?

– Табиғат саласына қатысты мәселелердің бірқатары бүгінде оң шешімін тауып келеді деп айтуға болады. Мысалы,



басталып, техника көбейіп, қазба жұмыстары жүргізілсе, аң-құстардың тыныштығы бұзылып, табиғи тепе-теңдікке әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұндай мәселелерде экономикалық мүддемен қатар, табиғаттың да жағдайын ескеріп, өте мұқият шешім қабылдау қажет деп ойлаймын.

– Табиғатқа жанашыр жастарды қалай тәрбиелейміз? Қарапайым айналага қоқыс тастамау деген дүниені қашан үйренеміз?

– Табиғатқа деген қамқорлық ең алдымен балабақша мен мектептен басталуы керек. Бұрын біз оқушы кезде табиғат аясына серуенге жиі шығатынбыз. Оны «поход» деп атайтын. Сол кезде ағаш отырғызу, қоқыс тастамау, қоршаған ортаны қорғау туралы көп айтылатын. Мұғалімдер экологиялық тәрбиеге ерекше мән беретін. Қазір де сондай жұмыстарды көбірек қолға алса жақсы болар еді.

Жасыратыны жоқ, әлі де көлікпен

ұстауға міндетті. Біз де үнемі жүрген жерімізде «Бұл – біздің жеріміз, біздің еліміз. Табиғатты таза сақтау – біздің ортақ міндетіміз» деп айтып жүреміз. Алайда соған қарамастан, табиғатқа жаны ашымайтын адамдардың әлі де кездесетіні өкінішті.

«ПАТРИОТИЗМ – ЕЛІҢНІҢ ӘРБІР ТІРШІЛІГІН СҮЮ...»

– Болашақта қорықты дамытуға қатысты қандай жоспарларыңыз бар?

– Ең басты мақсатым – білімді, білікті мамандарды тәрбиелеу. Себебі қорықтың болашағы да, табиғатты сақтау ісі де тікелей мамандардың деңгейіне байланысты. Дәл осы салада жанын салып жұмыс істейтін мамандар көп болса, біз қорықты да, жалпы табиғатты да дұрыс сақтай аламыз.

Қорықтың қазіргі жағдайы жаман емес, керісінше, тұрақты дамып келеді.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан! Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...

Қараңызшы, қандай сөздер! Жыбырлаған жәндіктің өзін жанына жақын тартып отыр. Міне, менің түсінігімдегі патриотизм осы. Қазақша бір ауыз білмейтін адамдар бар. Солар «Мен патриотпын» деп айқайлап жүр. Меніңше, бұл елдің көзіне түсу үшін ғана жасалатын әрекеттер секілді. Шынайы патриоттар өзі туралы, өзінің іс-әрекеті туралы айқайлап айтпайды, оларға жұртқа көрініп қалу да маңызды емес. Нағыз патриоттар әрекетімен ғана көрсетеді.

Негізі патриотизм деген – терең ұғым. Оны бір жақты қарауға болмайды. Кейде кішкентай әрекеттердің өзі отансүйгіштіктің бастауы болуы мүмкін. Мысалы, отбасында бала-шағаға оң тәрбие берсең, оған ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйретіп отырсаң, соның өзі – патриотизм. Өйткені ол үйден шыққан бала ертеңгі күні қоғамға араласады. Ата-анасының адал тәрбиесінің арқасында адамдарға пайдасы тиіп жатса, елдің дамуына аз да болса үлес қосып жатса, ол патриотизм емей немене?

Өз аулыңның адамдарын жақсы көру де – патриотизм. Ауыл адамдарымен дұрыс қарым-қатынаста болып, көршімен сәлемің түзу болса сенің елге зияның тимейді, керісінше олар үшін бір жақсы дүние жасағың келіп тұрады. Оны неге патриотизм деп атамасқа? Айта берсек, мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Сондықтан патриотизмді тек бір ұғыммен ғана өлшеуге болмайды. Ол – күнделікті өмірде көрінетін қарапайым, бірақ өте маңызды әрекеттердің жиынтығы. Елдің дамуы да осындай ұсақ көрінетін, бірақ мәні терең істерден басталады. Әр адам өз орнында адал болып, қоғамға пайдасын тигізуге тырысса, бұл бүкіл мемлекеттің нығаюына әсер етеді.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Өңірлік даму

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



Түркістан облысында көктемгі дала жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, «Кең Дала» бағдарламасы аясында бүгінгі күнге дейін 1 441 жоба қаржыландырылған. Қазіргі таңда жаздық дақылдар 388 мың гектар алқапқа егілді. Шаруаларды қолдау мақсатында 15 мың тонна жанар-жағармай жеңілдетілген бағамен таратылып, егіс алқаптарына 54 мың тонна тыңайтқыш енгізілді.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков көктемгі дала жұмыстарының орындалу барысын талдап, алдағы суғару (вегетациялық) маусымына дайындық мәселелерін қарастырды. Ол аудан және қала әкімдіктеріне отандық тыңайтқыш өндіруші кәсіпорындармен бірлесіп, қажетті көлемді қысқа мерзімде аудан орталықтарына жеткізуді ұйымдастыруды тапсырды.

Сонымен қатар су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары да қарқын алуда. Қазіргі таңда 531 шаруа қожалығы су үнемдеу жүйелерін орнату бойынша келісімшарт жасап, тиісті қондырғыларды енгізуді бастаған. Жалпы облыс бойынша 34 мың гектар алқапқа су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған.

Өткен жылы 114 мың гектар алқапта су үнемдеу технологияларын қолдану нәтижесінде 195 млн текше метр су үнемделген. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, су ресурстарын тиімді пайдалану мен Мемлекет басшысы тапсырмаларын орындау басты назарда болады.

Нұрбол Тұрашбеков ағын суға бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті. Бекітілген кезектілік пен бөлінетін су лимиттері қатаң сақталуы тиіс. Жауапты тұлғаларға егіс алқаптарын тікелей аралап, жағдайды тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

Маңызы бар мереке

АНАЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ ӨТТІ

Түркістан облысында отбасы құндылықтарын дәріптеу, аналардың қоғамдағы ролін насихаттау және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету бағытындағы игі шаралар соңғы жылдары кең көлемде ұйымдастырылып келеді. Өңірдің барлық аудан-қалаларында ұлттық құндылықтарды ұлықтауға, отбасы институтын нығайтуға және жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге арналған мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп, тұрғындардың белсенді қолдауына ие болуда. Әсіресе, қоғамдағы мейірімділік пен жанашырлықты арттыруға бағытталған қайырымдылық акцияларының маңызы ерекше. Осындай тағылымды бастамалар Аналар күні секілді атаулы мерекелерде кеңінен көрініс тауып, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл өз кезегінде қоғамдағы ауызбіршілік пен ынтымақты нығайтып, әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға қуаныш сыйлауға мүмкіндік беріп келеді.



Осындай ізгі дәстүрдің жалғасы ретінде елімізде мамыр айының екінші жексенбісінде аталып өтетін Аналар күні мерекесі де ерекше мәнге ие. Бұл күн – мейірім мен ізгіліктің, құрмет пен қамқорлықтың символына айналған тағылымды мерекелердің бірі. Аналарға құрмет көрсету арқылы қоғам отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеп, ұрпақ тәрбиесіндегі ананың өлшеусіз еңбегін ұлықтайды. Сондықтан бұл мереке тек құттықтаумен шектелмей, қайырымдылық пен қамқорлыққа негізделген көптеген игі шаралардың ұйымдастырылуына ұйытқы болып келеді.

Айтулы мерекеге орай «AMANAT» партиясы Шардара аудандық филиалы жанындағы «Мелдеби» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен партияның «Бақытты отбасы» жобасы аясында арнайы қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Шараның негізгі мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау білдіріп, аналарға мерекелік көңіл-күй сыйлау болды. Ұйымдастырушылар бұл бастама арқылы қоғамдағы жанашырлық пен өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

«Бақытты отбасы» партиялық жобасы бүгінде отбасы институтын нығайтуға, ана мен балаға қолайлы орта қалыптастыруға және әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды қолдауға бағытталған маңызды әлеуметтік жобалардың біріне айналып отыр. Жоба аясында тек материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар отбасы құндылықтарын насихаттау, аналардың қоғамдағы беделін арттыру және жастар арасында ізгілік қағидаларын дәріптеу бағытында да жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Мұндай бастамалар қоғамдағы бірлік пен татулықты күшейтіп, ха-

лықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпал етуде.

Іс-шара барысында мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттері үлестіріліп, аналарға сый-құрмет көрсетілді. Сонымен қатар ұйымдастырушылар аналардың отбасы мен қоғам өміріндегі орны айрықша екенін атап өтіп, олардың бала тәрбиесі мен ұрпақ болашағын қалыптастырудағы еңбегіне жоғары баға берді. Шара кезінде жылы лебіздер айтылып, аналарға мерекелік көңіл-күй сыйланды. Бұл өз кезегінде көпбалалы және әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларға ерекше қуаныш сыйлап, олардың қоғам қамқорлығын сезінуіне мүмкіндік берді.

Шараға қатысқан аналар өздеріне көрсетілген құрмет пен қамқорлық үшін ризашылықтарын білдіріп, мұндай қайырымдылық шаралары адамдар арасындағы сыйластық пен мейірімділікті арттыра түсетінін айтты. Олардың пікірінше, қиын жағдайда жүрген отбасыларға берілген қолдау тек материалдық көмек ғана емес, сонымен бірге рухани демеу де бола алады. Осындай ізгі бастамалардың арқасында қоғамда бір-біріне жанашырлық таныту мәдениеті қалыптасып, көпбалалы отбасыларға деген қолдау арта түсуде.

«AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында ұйымдастырылып жатқан мұндай игі шаралар қоғамдағы ынтымақ пен өзара қолдауды нығайтуға зор үлес қосып келеді. Ана мен балаға қолайлы орта қалыптастыру, көпбалалы және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға тұрақты көмек көрсету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Себебі, отбасы құндылығын дәріптеу мен аналарға құрмет көрсету – қоғамның берекесі мен болашағының кепілі болып қала бермек.



МЕЙІРБИКЕЛЕРГЕ КӘСІБИ МЕРЕКЕДЕ МАРАПАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ

12 мамыр – Халықаралық мейірбикелер күні – адам жанына араша болып, мейірім мен жанашырлықтың үлгісін көрсетіп жүрген ақ халатты абзал жандарға құрмет көрсетілетін ерекше мереке. Денсаулық сақтау саласында аянбай еңбек етіп, әрбір науқастың саулығы үшін күндіз-түні қызмет атқарып жүрген мейірбикелердің еңбегі әрдайым жоғары бағалауға лайық. Олар – медицина саласының сенімді тірегі, адам өміріне үміт сыйлайтын жанашыр жандар.

Осы атаулы мереке қарсаңында Төлеби аудандық ауруханасының ұжымында қуанышты сәттер орын алып, бірқатар сала мамандары еңбектері үшін арнайы марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, аурухананың бас мейірбикесі Кенжебекова Гүлсім Құралбайқызы мен дәрігерлік амбулаторияның аға мейірбикесі Шермұханбетова Ақшақұл Есмаханбетқызы «DENAULYQ» денсаулық сақтау ұйымдары жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С.Қатбаевтың Құрмет грамотасы және ақшалай сертификаттарымен марапатталды. Бұл – олардың көп жылғы адал еңбегі мен кәсіби біліктілігіне көрсетілген зор құрмет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 35 жыл толуына орай «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығы ұйымдастырған «Жылдың үздік маманы» республикалық байқауында үздік деп танылған Тынышбек Индира Бахытбекқызы I дәрежелі диплом мен «Жылдың үздік маманы» төсбелгісіне ие болды. Бұл жетістік – маманның өз ісіне деген жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі.

Сондай-ақ, перзентхана бөлімінің акушеркасы Тасполатова Шолпан Анартайқызы халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетудегі еселі еңбегі үшін «AMANAT» партиясының Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік шара барысында аурухананың барлық дәрігерлік амбулаториялары мен бөлімшелерінің аға мейіргерлері де назардан тыс қалмады. Олар халықпен және науқастармен жоғары деңгейде қарым-қатынас орнатып, ұжым жұмысын үйлестірудегі ұйымдастырушылық қабілеті мен аурухана беделін көтеруге қосқан үлесі үшін Төлеби аудандық ауруханасы әкімшілігінің Алғыс хаттары мен арнайы сыйлықтарына ие болды. Марапаттарды аурухана басшысы Умарова Қарлығаш Раушанқызы салтанатты түрде табыстады.

Төлеби аудандық ауруханасының мейірбикелері – кәсібилік пен адамгершіліктің, мейірім мен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Олардың тынымсыз еңбегі, шынайы жанашырлығы мен ақ жүрегі мыңдаған адамның алғысына бөленіп келеді. Әрбір емделушінің денсаулығын жақсарту жолындағы адал қызмет – үлкен абырой мен өлшеусіз еңбек.

Халық саулығын сақтауда маңызды рөл атқарып жүрген барша мейірбикелерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңіз еленіп, абырой-беделдеріңіз арта берсін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге толағай табыс, қажымас қайрат пен зор жетістіктер тілейміз! Ақ халатты абзал жандардың мерейі әрдайым үстем болсын!

Дайындаған: Әлия ӘУЕСБЕКОВА

САҚАЛ ҚОЮДЫҢ ДА ӨЗ МӘДЕНИЕТІ БАР

Қазақ халқының дәстүрінде мұрт пен сақал – ер азаматтың жас ерекшелігін, өмірлік тәжірибесін, қоғамдағы орнын білдіретін маңызды белгілердің бірі. Бұл – тек сыртқы көрініс емес, ұлттың эстетикасы мен тәрбиесінің көрінісі. Сондықтан оларды қоюдың да, күтудің де өзіндік тәртібі қалыптасқан.

Ертеде қазақ жігіті ер жеткенін ең алдымен мұрт қою арқылы білдірген. Мұрт – жігіттік шақтың айғағы, намыс пен қайраттың нышаны. Ал сақал – кез келген уақытта қойыла салатын белгі емес. Ол – жасы келіп, ақыл тоқтатқан, отбасы мен қоғам алдында жауапкершілік арқалаған азаматтың көрінісі. Демек, мұрт пен сақал – адамның өмір жолымен бірге өрілетін табиғи үрдіс.

Дәстүрлі түсінікте сақал мен мұртты қалай болса солай өсіру болмаған. Әрқайсысының өз тәртібі, өз әдебі бар. Мұрт ауызға түсіп кетпейтіндей ықшам етіп қыркылған, тым ұзарып, ретсіз өсіп кетуіне жол берілмеген, бет-әлпетке жарасымды қалыпта ұсталған. Ал сақал таза, таралған, жинақы болуы тиіс, шектен тыс ұзарып кетсе, реттеліп, қыркылып отырған, адамның бет пішініне сай қалыпта сақталған. Себебі сақал – сыртқы белгі ғана емес, ол ішкі тәртіп пен мінездің көрінісі ретінде қабылданған. «Аксақал» деген атаудың өзі бекер емес – ол тек жасы үлкен адам емес, даналығы мен парасаты бар тұлға деген ұғымды білдіреді. Сонымен қатар, сақал қоюдың рухани астары да бар. Ислам дәстүрінде сақал – пайғамбар сүннеттерінің бірі ретінде құрметтеледі. Бірақ қазақ қоғамында ол тек діни міндет ретінде емес, ұлттық әдеппен, өмір салтымен сабақтасқан құндылық ретінде қалыптасқан.

Бүгінгі күні кейбір жастар сақалды сән немесе еліктеу ретінде қабылдап жатады. Алайда сақалдың түпкі мәніне үнілсек, оның арғында үлкен жауапкершілік жатқанын көреміз. Сақал қою өзін-өзі ұстау мәдениетін арттыру, сөз бен іске мұқият болу, айналасына үлгі болу дегенді білдіреді.

Яғни, сақал – тек сыртқы келбет емес, ол адамның ішкі дайындық деңгейін талап ететін белгі.

Бұл талаптардың бәрі бекер емес. Халқымыздың ұғымында сыртқы ұқыптылық – адамның ішкі мәдениетінің айғағы. Сондықтан күтімсіз, ретсіз сақал немесе мұрт – тек келбетке емес, адам беделіне де көлеңке түсіреді деп есептелген.

Қазіргі қоғамда мұрт пен сақал қою қайтадан кең таралып келеді. Алайда кейбір жастар арасында бұл дәстүрдің тек сыртқы формасы ғана қабылданып, мәні мен тәртібі ескерілмей жататыны жасырын емес. Ұзын, күтімсіз, бей-берекет сақал қоюды «еркіндік» немесе «сән» деп түсіну – қазақы танымға толық сәйкес келе бермейді. Шын мәнінде, сақал қою – жауапкершілік. Ол күнделікті күтімді, тазалықты, ұқыптылықты талап етеді. Бірақ ең бастысы – ниет пен мәдениет. Егер сақал мен мұрт адамға көрік беріп, оның болмысын толықтырып тұрса ғана ол өз мәнін сақтайды.

Қазақ «жақсының сыртқы келбеті де жинақы болады» деп бекер айтпаған. Сондықтан мұрт пен сақалды ата дәстүрге сай, талғаммен, тәртіппен алып жүру – бүгінгі жас буының да міндеті. Мұрт пен сақал – жай сән емес, тәртіп пен талғамның, тәрбиенің көрінісі. Ол жастың, парасаттың, жауапкершіліктің көрінісі. Оны қою да, күту де – мәдениет. Қазақы дәстүрдің мәнін сақтай отырып, бүгінгі жас буын оны ұқыптылықпен, талғаммен алып жүрсе, ұлт болмысына да, жеке келбетіне де нұқсан келмесі анық.

Ләззат КӘДІРБЕК
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы

Төрт түлік малды тіршілігіне тірек еткен көшпелілер кәдімгі сүттен небір тамаша тағамның түрін жасай білген. Осылардың ішінде таза көшпелі өмір сипатын айқын бейнелейтін тағамның бірі – құрғақ сүт.

ҚҰРҒАҚ СҮТТІ ҚАЗАҚТАР ОЙЛАП ТАПҚАНЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Көші-қон кезінде төрт түлікті, оның ішінде сауын малды да көштен бұрын өргізеді. Бір жағы ондай қарбалас кезінде мал сауудың орайы келе бермейді. Ал сүт ішкісі келген балаларға ағарған тауып бермесе тағы болмайды. Зерттеушілер өмірдің осы бір сұраным-мұқтажы құрғақ сүт дайындауды дүниеге келтірген болса керек дейді.

Құрғақ сүтті дайындау үшін жаңадан сойылған қойдың терісін пайдаланған. Теріні әуелі түгінен арылттып алып, оны шуашы мен шайырынан айырылғанша әбден жақсылап жуады. Бір күн керегеге жайып кептіріп, келесі күні қой-ешкіні сауып, сүтін он екі қарыс қазанда қайнатады. Өлгі теріні де сол қазанға салады. Біраздан соң сүт шымырлап қайнап, оның бар маңызын тақыр тері сіңіріп алатын көрінеді. Әбден қайнап қойырпақтанған сүт енді сарғайып күйеді-ау дегенде отын өшіріп, теріні қазаннан алады. Сосын теріні сөреге жайып тастап, түнімен тобарсытып кептіреді. Бірақ әлі құрғақ сүт дайындау процесі аяқталған жоқ.

Келесі күні тағы да қой-ешкі қосақталып, дәу қара қазан



толғанша сауады. Сүт толы қазанның астына от жағып, сүт сіңген теріні қайта салып қайнатады. Келесі күні осы процесі үшінші рет айталады. Сол кезде сүт сіңген терінің қалыңдығы бармақтай болып, өн бойына уыз сүттің маңызы тұтылады. Үшінші рет жайылған теріні кебе бастаған кезде шыршықтап орайды да, маңызы ұшып кетпес үшін қарынға немесе бүйенге салып қояды.

Кейін кепкен терінің бір үзімін бір тостаған суға салса, сүттің иісі бұрқ ете қалады екен. Яғни сүттің дәмі тері бойында ұзаққа сақтала береді. Этнографтар көшпелі өмірдің ең бір артықшылығы да осылай жағдайға орай бейімделе білетінінде дейді. Сол арқылы тоназытқыш жоқ заманда тағам сақтау мен өндеудің түрлі тәсілін меңгерді. Етті сүрлеп, кептіріп, ұзақ уақытқа сақтайтын, ал сүттен күрт, ірімшік сияқты айлап бұзылмайтын өнім жасаған. Құрғақ сүт те көшпелілердің тағам жасаудағы айрықша технологиясының бір көрсеткіші.

QalamTarih

«ҮНСІЗ БІЛІМ» ФЕНОМЕНІ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Жыл сайын 21 ақпанда әлем жұртшылығы Халықаралық экскурсоводтар күнін атап өтеді. Бұл мереке 1990 жылдан бери World Federation of Tourist Guide Associations бастамасымен тойланып келеді. Мақсаты – саяхат әлеміндегі көрінбейтін, бірақ аса маңызды маман иелерінің еңбегін бағалау.

Экскурсовод – жай ғана жол көрсетуші емес, өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын алтын көпір, елдің мәдениетін таныстыратын елші, тасқа тіл бітіретін әңгімеші, әр сапарды әсерге толы оқиғаға айналдыратын шебер. Олардың берген ақпараттары арқылы сіз бір кезде орта ғасыр базарында жүргендей бола-сыз, тағы бірде тәуелсіз елдің заманауи көшелерінде қадам басасыз. Экскурсовод жай ғана ақпарат жеткізіп қоймайды, ол аудиториямен тікелей жұмыс істейді. Оларға бір күнде бірнеше топ, әртүрлі жастағы, әртүрлі көзқарастағы әртүрлі мәдени орта келеді. Бірі мектеп оқушысы болса, бірі шетелдік турист, енді бірі мемлекеттік делегация болуы мүмкін. Сондықтан экскурсоводтың жұмысы – нағыз тірі процесс.

«Ұлы Дала Елі» орталығының экскурсоводтары да бір топқа тарихи деректерді ойын форматында жеткізе, келесі топқа сол материалды аналитикалық деңгейде түсіндіруі мүмкін. Бұл – икемділік. Ал икемділік – кәсіби дайындықтың нәтижесі. Бүгінде туристер интернеттен бәрін оқып келеді. Егер экскурсовод тек жаттанды мәтін айтса, ол қызық болмайды. Бүгінгі аудитория те-рендік, сараптама, ерекше интерпретация күтеді. Осы тұста кадрлардың кәсі-



би даярлығы ерекше мәнге ие. Алайда кәсіби біліктілікті тек формалды оқу бағдарламалары арқылы қалыптастыру жеткіліксіз. Музейтану мамандықтары үшін тек теориялық білім емес, кәсіби интуиция, келушілермен қарым-қатынас орнату қабілеті, экспозиция логикасын түсіну және мәдени контексті бейсаналы деңгейде меңгеру де өте маңызды. Мұндай білім түрі ғылымда «үнсіз білім» ұғымымен сипатталады. Ол келушімен қарым-қатынас, тақырыптық экспозицияны түсіндіру, мәдени контексті сезіну сияқты қабілеттер арнайы тәжірибе арқылы қалыптасатын білімді талап етеді. Мұндай білімді қалыптастыруда формалды оқытумен қатар тәжірибелік, бейформалды және кәсіби ортаға ену әдістері де маңызды рөл атқарады.

Венгриялық ғалым М.Полани үнсіз

білімді «тілмен жеткізу қиын, тәжірибе арқылы игерілетін білім» ретінде сипаттады. Бұл білім көбінесе әрекет барысында, кәсіби тәжірибеде қалыптасады – музей қызметкерінің экспозицияның логикасын, келушімен қарым-қатынастың нәзік реңдерін сезінуі сияқты құбылыстар осыған жатады. Осы тұрғыдан музей саласында кадр даярлау үдерісінде формалды оқытумен қоса «үнсіз білімді» мақсатты дамыту қажет, өйткені ол кәсіби бірегейлікті қалыптастырады. Бұл тұрғыда музейлерде іс-тәжірибе, тәлімгерлік, стажировка, кәсіби қауымдастықтардағы тәжірибе алмасу сияқты әдістер кең қолданылады.

Музей – өзіндік мәдениеті бар микроорта. Музей саласында кадр даярлау жүйесінде «үнсіз білім» феноменін ескеру – кәсіби даярлықтың сапасын арттырудың басты шарты. Тәжірибеге, әлеуметтік өзара әрекетке және кәсіби ортаға енуге негізделгендіктен, оны қалыптастыру үшін формалды оқытудан тыс әдістемелерді жүйелі қолдану қажет. Тәлімгерлік, тәжірибе, жобалық оқыту және кәсіби қауымдастықтардағы тәжірибе алмасу музей мен туризм мамандарының кәсіби интуициясын, мәдени сезімталдығын және коммуникациялық қабілетін дамытады. Бұл өз кезегінде мәдени мұраны сапалы таныстыруға, тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан туризм саласында мәртебе туралы сөз болса ең алдымен экскурсоводтың еңбегі аталу керек.

Д.ТАУАСАРОВА
«Ұлы Дала Елі» орталығы

МЕНІҢ ОТАН ҚОРҒАУШЫ БЕЙНЕМ

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Шымкент қаласындағы жасөспірімдер кітапханасында «Менің Отан қорғаушы бейнем» атты тағылымды кездесу кеші ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – жастарға патриоттық тәрбие беру, елін сүйетін, жерін қорғайтын нағыз азамат бейнесін таныту болды.

Кеш барысында көрермендер тек мерекелік көңіл-күйді ғана сезініп қоймай, шыннайы ерлік пен батылдықтың үлгісіне куә болды. Арнайы шақырылған қонақ – ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында ерлік танытқан батыр азамат, Ақтөбе қаласындағы Ұлттық ұланның әскери бөліміне жасалған террористік шабуыл кезінде асқан батылдык пен қайсарлық көрсеткен ержүрек жауынгер, капитан Сырым Адырбайұлы. Ол кеш барысында өз өмір жолы мен қызметі жайлы әсерлі әңгіме өрбітті. Қатысушылар батырдың аузынан шыққан әр сөзден жігер алып,



ел қорғаудың тек қару ұстаумен шектелмейтінін, отан қорғаушы адалдықтың, жауапкершіліктің, қайсарлықтың символы екені ұғынды.

Іс-шараға арнайы қатысқан Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті Нұрлыбек Срайылұлы жастар тәрбиесіндегі отбасы

мен білім ордасының рөліне тоқталып, бүгінгі таңда Отанға қызмет ету әр салада көрініс табатынын атап өтті. Оның пікірінше, нағыз патриот – өз ісіне адал, қоғамға пайдалы тұлға. Кеш барысында жастар мен сарбаздар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, мазмұнды пікір алмасу орын алды. Сол арқылы жастар өмірлік маңызды құндылықтарды саралап, өзіндік көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Мұндай кездесу – жас ұрпақтың санасына елдік пен ерліктің мәнін сіңіретін, рухани тәрбие беретін маңызды алаң. «Отан қорғаушы» деген ұғым тек әскери форма емес, ол жүректегі адалдық пен елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі екені осы кеште тағы бір мәрте дәлелденді.

Райхан АБДИКЕРИМОВА,
Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы білім басқармасының «Б.Момышұлы атындағы №120 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін, **№1 алаң:** Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Тоғыс елді мекені, Керуенсарай көшесі, 2В мекенжайында орналасқан., **№2 алаң:** Шымкент қаласы білім басқармасының «Б.Момышұлы атындағы №120 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш мектебі, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Тоғыс елді мекені, 1237/1 мекенжайында орналасқан.ҚОҚ бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **22.05.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecoscience2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: «Шымкент қаласы білім басқармасының «Б.Момышұлы атындағы №120 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шымкент қаласы, Тоғыс тұрғын алабы, Керуенсарай көшесі, 2В., тел.: 87054875261

Жобалаушы: "НЭК" ЖК, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ«Общеобразовательная средняя школа №120 имени Б. Момышұлы» управления образования города Шымкент, для которого: -Площадка №1: расположена по адресу г. Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Тоғыс, улица Керуенсарай, 2В.Площадка №2: начальная школа коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная средняя школа №120 имени Б. Момышұлы» управления образования города Шымкент, расположенная по адресу г. Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Тоғыс, 1237/1, проводит общественные слушания в форме общественных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **22.05.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecoscience2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа №120 имени Б. Момышұлы» управления образования города Шымкент адрес г.Шымкент, МИКРОРАЙОН АКТАС, 169А., ;тел: 87054875261.

Разработчик: ИП "НЭК", адрес: г. Шымкент, ул. Переулоч М. Пошанов д. 32/28, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Ақтас елді мекені, 169А мекенжайында орналасқан «А.Ахметов атындағы №61 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін."ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **22.05.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecoscience2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: «Шымкент қаласы білім басқармасының «Әшімжан Ахметов атындағы №61 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Ақтас елді мекені, 169А., тел.: 87052700041

Жобалаушы: "НЭК" ЖК, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ«Общеобразовательная средняя школа №61 имени А.Ахметова», расположенное по адресу: город Шымкент, район Туран, населенный пункт Ақтас, 169А, проводит общественные слушания в форме общественных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **22.05.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecoscience2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик: Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа №61 имени Ашимжана Ахметова» управления образования города Шымкент адрес г.Шымкент, МИКРОРАЙОН АКТАС, 169А., ;тел: 87052700041.

Разработчик: ИП "НЭК", адрес: г. Шымкент, ул. Переулоч М. Пошанов д. 32/28, e-mail: ecoscience@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Байтұрсынов көшесі, 23 ғимарат мекенжайында орналасқан., Шымкент қаласы білім басқармасының «Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны үшін, "ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **22.05.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

Тапсырыс беруші: «Шымкент қаласы білім басқармасының "Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны», мекенжайы.: Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы Байтұрсынов көшесі 23., тел.: 87252-21-28-36.

Жобалаушы: «ПромЭкоСтандарт» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: : 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для ГККП «Высший колледж новых технологий имени Манапа Утебаева» управления образования города Шымкент, расположенного по адресу: г. Шымкент, Аль-Фарабийский район, улица Байтұрсынова, здание 23, проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **22.05.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней.: 24034002@mail.ru, тел.: +7(708) 438 6618.

Заказчик: ГККП "Высший колледж новых технологий имени Манапа Утебаева" управления образования города Шымкент "т, адрес . г.Шымкент, Аль-Фарабийский район улица Байтұрсынова 23, ;тел: 87252-21-28-36.

Разработчик: ТОО «ПромЭкоСтандарт» адрес: г. Шымкент, ул. Переулоч М. Пошанов д. 32/28, e-mail: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Нұршуақ шағынауданы, 1229 ғимарат мекенжайында орналасқан Шымкент қаласы білім басқармасының «№149 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін, "ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **22.05.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

Тапсырыс беруші: «Шымкент қаласының білім басқармасының "№149 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі», мекенжайы., г.Шымкент, Аль-Фарабийский район Нұршуақ 3275., тел.: 87078319090.

Жобалаушы: «ПромЭкоСтандарт» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Достық шағынауданы, 2863 А мекенжайында орналасқан, Шымкент қаласы білім басқармасының «№69 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі үшін, "ҚОҚ" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **22.05.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

Тапсырыс беруші: «Шымкент қаласының білім басқармасының "№69 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі», мекенжайы.: Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Достық» шағынауданы, №2863 А ғимарат, тел.: 87078319090.

Жобалаушы: «ПромЭкоСтандарт» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, М. Пошанов көшесі, 32/28 үй, e-mail: : 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ«Общеобразовательная средняя школа №69», расположенного по адресу: г. Шымкент, Абайский район, микрорайон Достық, 2863 А, проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **22.05.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней.: 24034002@mail.ru, тел.: +7(708) 438 6618.

Заказчик: «Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная средняя школа №69" управления образования города Шымкент"т, адрес . . г.Шымкент, Микрорайон ДОСТЫК, 2863А., ;тел: 87756775478.

Разработчик: ТОО «ПромЭкоСтандарт» адрес: г. Шымкент, ул. Переулоч М. Пошанов д. 32/28, e-mail: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для КГУ«Общеобразовательная средняя школа №149», расположенного по адресу: г. Шымкент, Абайский район, микрорайон Нұршуақ, здание 1229, проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **22.05.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней.: 24034002@mail.ru, тел.: +7(708) 438 6618.

Заказчик: «Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная средняя школа №149" управления образования города Шымкент», адрес . Шымкент, Аль-Фарабийский район Нұршуақ 3275., тел: 87078319090.

Разработчик: ТОО «ПромЭкоСтандарт» адрес: г. Шымкент, ул. Переулоч М. Пошанов д. 32/28, e-mail: 24034002@mail.ru, тел.: +7 (708) 438 6618.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru

КЫЗМЕТ
ӨЗГЕНІ СЫНАҒАНША, ӨЗІНДІ ТҮЗЕТІ

Меншік иесі:
"Қызмет Газеті" ЖШС

Директор:
Бейсенқұл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «М-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс